

Анықтама

9-сынып оқушыларымен бірге Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтына ерекше саяхат жасадық.

Болашақ офицерлер мен ұшқыштар даярлайтын бұл киелі шаңырақ бізді бірден баурап алды. Біз:

- Институттың тыныс-тіршілігімен таныстық;
- Курсанттардың жатағын орнын, тәртібін көрдік;
- Бай тарихтан сыр шертетін музейді араладық;
- Ең бастысы — сабақ өтетін аудиторияларға кіріп, әскери білімнің қыр-сырын байқадық.

Оқушылардың көзінен от көрінді! Мұндай кездесулер жастардың отансүйгіштік сезімін оятып, мамандық таңдауға үлкен септігін тигізері анық. Кім біледі, бәлкім арамыздан болашақ «көк аспан қырандары» шығып қалар?



<https://www.instagram.com/p/DTzVYXnjJow/?igsh=MWl4NnNxNndhZnJkNg==>